



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қыруар құпияларды ақиқат публицистік сарынмен өрнектейді. Астрономиялық аңыздар, олардың ертегілермен кіндіктес екендігінің фантастикалық дәйектерін А.Машанидің “Ғажайып от ошағында” деген ғылыми-публицистік кітабы. А.Машани көркемсөз әлемінде бір кітаптан екіншісіне “ауысарда” алдыңғысынан бөлек, басқаша пішін, стиль, композиция қарастыруды әдетке айналдырған екен. Оның ендігі бір дәлелі – “Табу”. Шығарманы “ғылыми-фантастикалық трактат” мәртебесінде қарастырған дұрысырақ. Себебі, туындыда әдеби-көркемдік мотивтерден гөрі ғылыми жорамалдар, гипотезалар жалпы шығармадағы басқа компоненттерден басым жатыр. Оның үстіне “Табуды” әдебиетімізде мүлде бой көрсетпеген “фантастикалық трактат” саласының беташары есебінде қабылдай аламыз[4].

Ғалымның көзі тірісінде жарық көрген соңғы дүниесі “Ай арысы” – Ғылым жаңалықтары” кітабы. Мұнда, негізінде, коммунистік атеизм қаншама жылдар бұғау салып келген алхимия, астрология секілді ғылым салалары жөніндегі оңды көзқарастар қайта жаңғырылды. “Әл-Фараби алхимия негізін бүкіл ғаламның жаратылуымен, оның әрі қарай дамуымен байланысты өте кең мағынада қараған. Ал бұл ғылым тар ішті, өзіншіл, күншіл, надан адамдардың қолына түссе, олар оны сол адам ниетіне бейімдеп алады. Қысқасын айтқанда, Әл-Фараби шындық іздеген ғалымдар үшін алхимия ғаламның сырын шешетін, сол арқылы ғаламның Жаратушы Иесін тану, соның жолымен жүру үшін, алхимия – өзін-өзі мадақтау құралы”, – деп жазған[5]. Осы алхимия – біздің ғылым үшін тың тақырып. “Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және Ислам”, “Әл-Фарабидің Нұрнамасы” тәріздес жарияланған қыруар мақалалары да ғылыми публицистиканың негізгі миссиясын айқындай түсері хақ.

Қазақ тарихы осындай ғұламалары арқылы өзінің санасын, рухын қайта сезінгендей. Замандастарының көбі тек рұқсат етілген тақырыптармен шектеліп ғылыми лауазым үшін ғылымда жүрсе Ақжан Машани өз ісін санау Ахмет Байтұрсынов – ұлттың еңсесін, сана-сезімін оятатын, рухын асқақтататын рухани азықты жаңғыртуды басты ғылыми мақсат етіп алғандай.

А.Ж.Машани КСРО-дағы геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірі болып есептеледі. Дана халқымыздың «Жақсы адам – қазына», «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат» - деген нақыл сөздерінің мағынасы терең. Осы нақыл сөздер А.Машани сынды біртуар ұлы тұлғаларға айтылған. А.Машанидің барлық мол ғылыми мұрасын саралар болсақ, ол кісінің өте бір бай, мағыналы өмір кешкенін байқаймыз. А.Машани өскелең ұрпаққа өшпес мұра қалдырды. Оның есімі халық жадында мәңгі сақталады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Әл-Машани Ж. Көп томдық шығармалар жинағы //А. Ж. Әл-Машани; редакциялық алқа: Д.К.Сүлеев, Ш.А.Абдраман, Ы.С. Кененбай 7-т.: Ақжан Машани ғибраты. – 2007
2. Қ. Мұса «Ақжан Машани–шығыс ғұламаларының рухани құндылықтарын жалғастырушы» // Қазақ тарихы: әдістемелік журнал. - 2013. - №6.-б.23-26
3. М. Усаева «Әл-Фарабидің дидактикалық мұрасын дәйектеуші-Ақжан Әл Машани» // Ұлағат. - 2010. - 7.-б.100-108. - С. 2010
4. Ж. [Тапалова](#) «Қазақ ғылыми фантастикасының алғашқы бейнесі» // Керуен. - 2006. - №2. - С. 31-40б.
5. А. Машани Көп томдық шығармалар жинағы. 7-ші том:Ақжан Машани ғибраты

ӘОЖ 930

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Маратова Д.М.

dinmaratova@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының

Жаңа дәуірге өту барысында адамзат баласы үлкен ғылыми-техникалық жетістіктерге қол жеткізді. Алайда, мемлекеттің дамуы ғылыми жаңалықтарды ашумен ғана шектелмейді. Кемелденген қоғам ең алдымен адам қамын ойлаумен ерекшеленуі тиіс. Осы орайда атқарылатын істердің ең маңыздысы - өсіп келе жатқан ұрпақ, жас жеткіншектер, яғни балаларды тәрбиелеу, олардың жағдайының дұрыс болуы, құқықтарының сақталуы болып табылады. Ел тұтқасына ие болар азаматтарға өнегелі тәрбие беру – бүгінгі күн тәртібіндегі маңызды мәселе. Олардың бойында отансүйгіштік, білімділік, адамгершілік қасиетін ұнамды мінезін рухани, имандылық құндылықтар арқылы бойына сіңіре білу керек. Себебі, бұл болашақтың қамы. Дегенмен, кез келген дамыған қоғамның болашағы саналатын балалардың тағдыр тәлкегіне түсуі өкінішті. Олардың қазіргі таңдағы гүлденген заманда «көше бұзақысына» айналуы қиын жағдай. Себебі, балалардың күн сайын көшеде жүріп, әртүрлі зорлық-зомбылықтың құрбаны болуының қаупі бар. Халықтың материалдық жағдайының қиындауы, ішімдікке салыну, нашакорлық, қоғамның маргиналдануы адамдар арасында ең алдымен отбасыларға ауыртпалық әкеледі. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 90-жылдардың ортасында 80 мыңды құрады. Ал, оның тек 15% ғана ата-анасы бар, қалғандары «әлеуметтік жетімдер», яғни тағдыр тәлкегіне түскен ата-аналардың балалары.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақ тәрбиесіне ата-бабадан ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрді сіңіре отырып, олардың құқықтарын сақтау және тәрбие беруді жан-жақты қарастырды. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуының белгісі отбасын құруы болып табылады. Оның өзіндік тәртібі, ережесі, соған сәйкес қалыптасқан дәстүрі сақталған. Отбасы – бұл бала тәрбиесіндегі ең басты рөл атқаратын әлеуметтік орта [1]. Қазақ халқының тарихы дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туысқандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінің бойынан көрінетін дара қазақы болмысы жарқырай көрініп, жүрекке жылы әсер еткен. Әсемдік пен әдептілік үйлесімдік тапқан. Мәселен, ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп, құдалы болу, қазақ некесінің ерекшеліктері, қалың мал мәселесі, бата бұзу, ажырасу, бала асырау, әмеңгерлік, мирас пен мұра т.б. ежелгі отбасы дәстүрлері мен соған қатысты қағида ерекшеліктері жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін, шаңырақ шайқалып, босағаныңбос болмауына назар салғанын көреміз. Заңдық тұрғыдан айтар болсақ: «Отбасы – некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы» [2].

Қазақ халқының рухани өмірінде ислам мәдениетінің үлкен әсері бар екендігі белгілі. Исламдағы отбасы мен бала құқығының сақталуы шарияттың жалпы ұстанымы қасиетті Құран Кәрімде көрсетілген. Төрткүл дүние тарапынан қарастырсақ та, бала құқығын сақтау, оның отбасында дүниеге келуінен басталады. Үйленіп, үй болу әр адамның басына түсетін жағдай. Әркім өмірде өз сыңарын тауып, шаңырақ көтеріп, сәби сүйгісі келетіні анық. Ислам діні бұл ретте үйленуге тыйым салмайды. Керісінше, екі жұптың бір бүтін болуын қалайды. Құран Кәрімде үйленудің әртүрлі пайдасы бар екендігін, жұбайлар арасында сүйіспеншілік орнап, бір-біріне сүйеніш болатынын айтады. Үлкендерге жастарды үйлендіруді бұйырады. Бұл бұйрық міндеттілік емес, тек рұқсат ретінде қабылдануы тиіс. Отбасын құру, бала сүю адамның Алла берген еншісі.

Жекелеген белгілеріне сәйкес мұсылман отбасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ең алдымен, мұсылман отбасының некелесу арқылы құрылуында. Некесіз жұп отбасы болып есептелмейді, сондықтан тек некемен құрылған отбасы ғана қабыл алынады. Себебі, неке

арқылы жат қылықтар тыйылып, дүниеге таза ұрпақ келеді. Екіншіден, мұсылман отбасы Аллаға деген берік сеніммен, Ислам шартында өмір сүреді. Мұсылман жанұясы мүшелерін өзара туыстық сезім және Аллаға деген сенім байланыстырады. Олар қандай да болмасын қиындыққа төзіп, сабырлық сақтайды. Отағасы өз жанұясы мүшелерінің иманды-ибалы болып тәрбиеленуін қадағалайды. Үшіншіден, мұсылман отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас сүйіспеншілік пен бауырмалдыққа негізделеді. Ата-ана балаларын кішкентай кездерінде қалай мәпелеп бақса, олар да қолдан келгенше жақсылық жасауы керек. Сондай-ақ, отбасын құрған ерлі-зайыпты мұсылманның арасында сүйіспеншілік, ілтипат болуы тиіс. Ер адам өз жұбайына жақсы ықыласын, мейірімін төгеді. Ері өз әйеліне қолғабыс етіп, оны күші жетпеген іске жұмсамағаны жөн. Төртіншіден, мұсылман отбасы мәдениетті. Мұсылмандар рухани тұрғыдан даму жолында білім алып, өз балаларын да оқытады. Білім алуды ешқашан тоқтатуға болмайды. Осылайша мұсылман отбасы білімді, мәдениетті жанұяға айналады. Бесіншіден, мұсылман отбасының туған-туыстарымен қарым-қатынасы берік, оған қатты мән бергендіктен, араларын бекем ұстайды. Исламда Алла Тағала туыстарымен жақсы қатынаста болуды ақылдылыққа жатқызады. Мұсылман отбасы көршілерімен жақсы тұрады.

Ислам діні ең алдымен баланың тегіне, ұлтына немесе нәсіліне қарамастан өмір сүруге және денсаулығын сақтауға деген құқықпен қамтамасыз етеді. Баланың негізгі мүдделерін сақтай отырып, отбасы, яғни ата-анасы балаға махаббат пен қауіпсіздікті, қамқорлықты қамтамасыз ететін негізгі орта болып табылады. Ата-ана баланың табиғи және моральдық қажеттіліктерін өтеп отыруы қажет. Ата-ананың міндетіне балаларды сүйіспеншілікпен тәрбиелеуді, оларға махаббат нұрын жаудыруды жатқызады. Себебі мейірімділікпен өскен бала ғана болашақта мейірімді болады. Мейірімділік жүректі жібітіп, оның жұмсақтығын жоғалтпауын қамтамасыз етсе, қатыгездік пен салқындық керісінше жүректі қатайтады.

Бала ең алдымен ата-ана тарапынан өздеріне үлгі боларлық көркем тәрбие алуға құқылы. «Отан отбасыдан басталады» деген даналықты еске алсақ, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру» дегеніне мән берсек, ата-анаға балаларын тәрбиелеуге қатысты үлкен жауапкершілік жүктеліп отырғанын аңғарамыз. Демек, бұл жауапкершіліктің мәні баланың Алла тағала тарапынан сеніп тапсырылған аманат ретінде танылуына мүмкіндік береді. Ислам діні бала құқықтарын сақтауды басты мәселе ретінде санайды. Олардың қатарында маңыздысы да осы – баланың отбасында дұрыс тәрбие алуға құқығы болып табылады. Белгілі жазушы Мағжан Жұмабаев балаға тәрбие беру жайлы: «...жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстарғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда іңгалаған айғайы мол бір кесек ет. Ақыл-есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғайуы сараң, тым шабан... Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өскендігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды», - деп жазады [3].

Отбасы шағын мемлекет, әрбір шағын мемлекеттің асыл мұраты, ең басты міндеті – бала өсіріп, оған оған өнегелі, жақсы тәрбие беру. Бала – ата-ананың Алладан берілген өмірдегі ең үлкен сыйы және аманаты. Осы аманаты үшін ата-ана Алла алдында жауап береді. Бала арқылы жанұяға қуаныш пен береке кіреді, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас нығаяды. Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени - әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-біріңкүрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.
Бала ненібілсе жастан, ұядан—
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.
Өнер - білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан,
Ата - анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда», деп, ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күннен танып, соған қарай бағыт - бағдар, тәрбие берудің маңызы ерекше. Ата-ана балаларына жақсы тәрбие беруде қоғам алдында жауапты. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың балаларының өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сіңімді және негізді болады.

Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Отбасындағы ерлер мен әйелдердің жауапкершілігі бірдей болғанымен, әйел табиғаты ер адамдардан бөлек қарастырылады. Ол – ана отбасының ұйтқысы, үйдің ажары болуын көбірек ойлап, соған жаратылысынан бейімделуге тиіс жан. Қоғамдық дамуда әрбір жанұяда тәрбиеге ең алдымен, шаңырақ иесі – отағасы жауапты болса, әйел-ана босағаның алтын тірегі, отбасының айрандай ұйып отыруы да әйел затының қолында болып есептеледі. Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Абай қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен жаралған» деген ғұламалық ойды тарата келе, ол қасиеттердің міндетті түрде тәрбиеленуі қажеттігі туралы айтады. Абай жетінші қара сөзінде былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екітүрлімінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, біреуі–білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтұр-жұлтұр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене», «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құрамы, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» дегені [4]. Сондықтан да, балалардың ең басты құқығы дұрыс тәрбие алу жолындағы жанына ең жақын тәрбиешісі әйел адам болуы да бекер емес. Балаларды жақсылап тәрбиелеу үшін әйел кісінің өзі де тәрбиелі, білімді, мейірімді, төзімді болуы тиіс. Ұлы грек философы Платонның «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле!» деген қанатты сөзінің астары да осыдан ашылғандай. Ата-анасы өз балаларына дұрыс тәрбие, білім беріп, туғанда жақсы ат қойса Алланың ризалығына бөленеді, ал бала тәрбиесіне көңіл бөлмеген әке-шеше жан азабына душар болады. Өкінішке орай, ата-анасының аялы алақанының жылуын көрмей, тағдырдың тауқыметін тартып, теріс жолға түсіп жүрген жетім балалар санының күн санап артып келеді. Солардың қатарына ата-анасынан дұрыс тәрбие алмаған балалар да жатады. Өйткені олар түбінде қоғамға жат істерге бой алдырады, сол себептен де бала тәрбиесіне тиісті көңіл аудармай, немқұрайлы қарау адамның өзіне, балаларына, тіпті қоғамға да зиянын тигізеді. Ата-анасымен жылы қатынаста болып, дұрыс тәрбие алған балалар көпшіл, ақжарқын, мейірімді, өзгелерге қамқорлық жасауға ұмтылатын болып өседі.

Қоғамдық өмірдің сиқын бұзушылар көбінесе әлеуметтік өмірден тыс қалған, томаға-тұйық, комплексті адамдар екені белгілі. Жетімдер дегеніміз әке-шешесінен айырылған, ата-анасыз өсуге мәжбүр болған қоғам мүшелері. Кішкентайынан жетім қалған балалардың жақсы тәрбие, білім алуы олардың құқықтарының көзделуі барлық қоғам үшін аса маңызды. Далада қалған балаларға қамқорлық көрсетуді өкімет өз мойына алады. Яғни, оқыту, үйлендіру мемлекеттің ісі. Ата-анасынан, туған-туыстарынан айрылған баланы өз қамқорлығына алып, тәрбиелеу, білім беру – қайырымды іс. Көшедегі баланы алып, бағып-қағу сауапты іс. Ал, егер оған қамқор шықпаса, бұған бүкіл қоғам айыпты болады.

Исламда бала асырап алу құпталмайды. Оның негізгі себебі – табиғи тәртіп пен

шындықты бұрмалаушылық деп әділ қарастырады. Бұл бала өзінің «туған» еместігін білген кездегі басына түсетін қайғысын болдырмаудың бір жолы. Асырап алған балаға туған баланың құқығы берілмейді. Ал, егер ондай жағдай бола қалса, асырап алушы шындықты жасырмай, жетімдердің мүлкін, дүниесін өзінікінен бөлек ұстап, одан өзіне пайда көздемеуі керек.

Ал, дәстүрлі қазақ қоғамындағы бала асырап алу мәселесі «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында: «қазақ халқында бала асырап алу актісіне жете мән берілген. Көбінесе, ұрпақтар жалғастығы үзіліп қалмасын деген ниетпен перзент сүюге қабілетсіз, не ұлы жоқ отбасына ет жақын, сүйек шатыс туыстары бала беріп, қамқорлық жасаған. Бұл актіні кейін құпия ұстауға міндеттенген. Жалпы, қазақ ұғымында «асырау», «асыранды» деген сөздер итке, малға қатысты айтылып кемсітушілік астары болғандықтан да, әдетте отбасы, ағайын-туыс арасындағы құпия сыр ретінде сақталатын осы құқықтық – адамгершілік іс-әрекетті «бауырына басу», «баланы көйлекшең туу» деп астарлай жеткізген» делінген [5]. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Кеңес билігі орнағанға дейінгі уақытта дәстүрлі қазақ қоғамында «жетім бала» деген түсінік болмады. Себебі, қазақ қоғамында ұстанған құқықтық ережелерге, салт-дәстүрлерге сәйкес ері қайтыс болған әйелді әмеңгерлікпен қайын ағасы немесе қайын інісіне күйеуге берген. Мұндағы басты ұстанып отырған қағида жетім-жесірге қамқорлық немесе жетім баланы өз руынан шетке шығармау болып отыр. Ұрпақ жалғастығы деген ұғым да осы.

Қазақ халқында бала асырап алудың негізгі себебі, адамның тіршілікте жиған-терген дүние – мүлкіне мұрагер ету, сонымен бірге тұқымы жойылып кетуден қорқып, көбінесе әкенің атын жалғастыратын шаңырақ иесі ету көзделген. Бала асырап алудың екінші бір себебі, өзінен туған бала жалғыз болса, ер жеткен соң ол жалғызсырамас үшін, оның інісі не, қарындасы болсын деп ағайын-туғанның да баласын асырап алу сақталуда. Кей жағдайда бөтен елдердегі таныстары, жақын туыстары дүниеден өткен жағдайда оның баласы жетімсіремеу үшін де баласын асырап алу дәстүрі сақталған. Бала асырап алу барысында орындалатын басты ғұрып – мал сойып, той жасап, ер балаға асық жілік, қыз балаға тоқпан жілік ұстатқан. Жұрт алдында балаға жілік ұстату ғұрпы екі жақтың да бала алу, бала беру ісіне ризалығын білдірудің куәлігі іспетті болған. Бөтен рудан алынған бала жетім болса да, барлық жоралғылар жасалып, заңды ұрпақ есебіне енеді де, өгей әкенің туыстарының, тіпті жеті атаға толмаған ағайындарының қыздарына үйленуге тыйым салынған. Асырап алынған бала ержеткен соң кеткісі келсе, оған ешкім де қарсылық білдіре алмаған. Балаларға ержеткенше қамқорлық жасау – асырап алған әке-шешесінің міндеті. Жалпы қазақ халқының бауырмалдығы, балаға деген қамқорлығы ерекше. Оған ел басына түскен екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ата-анасыз қалған өзге ұлт балаларын асырап алуы куә. Н.К. Крупскаяның «балаға деген қамқорлықты славяндар шығыс халықтарынан үйренуге болады» деген сөзі де текке айтылмағаны айқын көрінеді [6].

Дәстүрлі қазақ қоғамы бала мүддесін, оның құқығын, қамқорлық көрсетуді жоғары қояды. Сол себептен де ата-ана балаға махаббатын, көңілін және қауіпсіз өмірді сыйлауға міндетті. Бала тәрбиесінде олар балаға үлгі бола алуы тиіс. Ерекше айта кететін жағдай, Ислам діні қыз бен ұл баланы алаламай, ата-ана тарапынан қамқорлық көруде тең құқыққа иелендірген. Олардың тамақ, киім, денсаулықтарына күтім, білімі үшін ең алдымен ата-аналары жауапты. Баланың толық өскеніне дейін оны қамтамасыз ету әкеге міндеттелсе, қамқорлық көрсету шешесіне жүктелген. Баланың адамгершілік қасиеті, көп ретте отбасындағы өзара қарым-қатынастың қалай қалыптасқанынан, ата-ананың өз баласына деген көзқарасына, сүйіспеншілігіне байланысты болып келеді. Бала мінезіне шамалы болсын теріс пиғыл келтіретін адамдар арасында өмір сүрсе, кейін ол қоғам үшін үлкен мәселеге айналады, ал бала бойындағы адалдық пен адамгершілік сіңген ортада өссе, уақыт өте ол ізгілікті жемістерін береді.

Дүниенің алма кезектігіне орай, құқық бар жерде міндет бар. Исламда адам құқығы мен міндеттерін Алла белгілейді және оны өзгертуге адам күші жетпейді. Ер жеткен бала өзінің ата-анасы алдында міндеттері бар. Оны орындау ендігі ретте әрбір баланың парызы болып

саналады. Ислам жүйесінде адам құқығы баладан басталады және ол өсиеттік нұсқау түрінде ғана емес, керісінше, шариғатта заңды түрде бекітілген балаға берілген құқық жүйесіндегі толық кепілдік болып табылады.

Адамның отбасы шаңырағы астында өткізген балалық шағы, өмірінің соңына дейін жол көрсетер жарық тәрізді. Бұл қоғаның құрылымында да байқалады. Әлеуметтанушы ғалымдардың айтуынша, отбасы мүшелері балалық шақ пен жастық шақтарында жақсы немесе жаман, яғни қалай жетіліп отырса, қоғам да соған түрленеді. Осы жағдайда ертеңгі қоғамды құрайтын балаларымызды, жастарымызды мықты мінезді, сенімі бар, тәрбиелі, дені сау және рухани күші жоғары болып жетілуінің әдістерін табу қажеттілігі бар.

Әрбір ұлттың қай кезде болмасын алдында тұратын ұлы мұраты - өз ісін, өнегесін, өмірін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан діни ережелерді, салт-дәстүрлерді, жаңа әлемдік талаптарға сәйкес заң жобаларын ұстанған қазақ халқының алдыңғы қатарлы өзекті мәселелердің бірі – балалар панасыздығы болуы өкінішті жағдай. Кез келген мемлекетте ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады.

Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өресі зор азамат етіп тәрбиелеу ең алдымен ата-ананың содан кейін қоғамның борышы. Жетімдердің жағдайын жақсарту, оларға тәрбие беру, дінін, ділін таныту, мінез-құлқын түзету, өнеркәсіп үйрету, ең елеулі, қасиетті діни, сонымен қатар адамгершілік борышымыз. Қоғамдық тұрғыдан қарастырсақ, жетім, панасыз қалған балалар қамқорлыққа лайық жандардың алдыңғы қатары. Себебі олар, ерекше қамқорлыққа, тәрбиеге мұқтаж. Екіншіден, панасыз балалар дұрыс бағылмай, тәрбие көрмесе қоғамға зиянды ұрпақтың өсуі сонда болады. Ұрпақ тәрбиесінде өткен тарих құндылықтары мен имандылық тәрбиесін ұштастыра отырып, келешек ұрпақты ізгілік пен парасаттылыққа баулу қажет. Ұрпақ тәрбиесі олардың құқықтарын аяққа баспай, жоғары дәрежеде бағалауды жөн көреді. Ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады.

Қолданылған әдебиет:

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. – 326 б.
2. Неке және отбасы туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Юрист, 2008. – 56 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика Алматы, 1992. Б. – 13-14.
4. Абай энциклопедиясы. Абайдың қара сөздері. Алматы: «Атамұра», 1995. – 712 б.
5. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1999. – 720 б.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: «Рауан», 1994. – 210 б.

ӘОЖ 929

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІК ҮЛГІСІ

Матаева Н.А.

Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих мамандығының 1-курс магистранты

nazym_1989@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Садықов Т.С

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім